

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№6 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 15:00

Сенат залы

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Ғылым департаментінің директоры,
Академиялық департамент директоры.

29 қаңтар 2025 жыл

Сәрсенбі

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылындағы қысқы сессия қорытындысы туралы
(Баяндамашы: Академиялық департамент директоры А.Бостанова).

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.1. 2024-2025 оқу жылының қысқы аралық аттестаттау нәтижелері бойынша атқарылған жұмыстар назарға алынсын;

1.2. 2024-2025 оқу жылының қысқы аралық аттестаттау нәтижелері факультет, кафедра деңгейінде талқыланып, Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкестігіне талдау жасалынсын, мерзімі 31.01.2025ж. күнге дейін (жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағалары);


1.3. Емтихан түрлері бойынша факультеттерде аралық бақылау, емтихан бағалары талданып, факультеттердегі сапаны қамтамасыз ету комиссиясында қарастырылып, хаттамалары сайтқа жариялансын, мерзімі 14.02.2025ж. күнге дейін (жауапты: факультет декандары);

1.4. Емтихан түрлері бойынша бағалау медианасына сәйкестігі жекелей талданып, емтихан түрлері бойынша ұсыныстар дайындалсын, мерзімі 17.02.2025ж. күнге дейін (жауапты: факультет декандары, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағалары).

1.5. Университетте жазбаша және тест ЭЕМ емтихандар өтетін аудиториялардағы бейнекамералар жаңартылсын, сондай-ақ факультеттерде шығармашылық, практикалық және т.б. емтихандар өтетін аудиториялар бейнекамералармен жабдықталсын (жауапты: Факультет декандары, Академиялық департамент директоры, Жауапты хатшы).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева



А. Абибуллаева